

**№8 Т.Бегманова атындағы жалпы білім беретін КММ кітапханасының  
2023-2024 оқы жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында  
атқарылған мәдени көпшілік іс-шаралар есебі**

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес №8 Т.Бегманова атындағы мектеп кітапхансын да 2023-2024 оқы жылында “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында мектепшілік жоспар жасалынып директордың бұйрығымен бекітілді. Жобаға жауапты мамандар кітапханашылар мен қазақ тілі пәнінің оқытушылары мен сынып жетекшілер бекітілді. “Оқуға құштар мектеп” жобасының мақсаты; оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту және мектеп оқушыларының интеллектуалды әлеуетін арттыру мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды.

1-сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге келіп, кітапханамен танысты. Бүлдіршіндерге кітапхананың ережелері түсіндіріліп, кітаппен жұмыс жасау мәдениеті үйретілді. 15 қыркүйек күні «Отан – отбасыдан басталады» атты көрме жасақталып, оқушыларға таныстырылды. Көрме барысында балалар отбасылық құндылықтар мен Отанға деген сүйіспеншілік туралы түсініктер алды.

26 қыркүйекте мектебіміздің ұлағатты ұстазы, ақын әрі аудармашы Робия Дустоновамен әдеби кездесу кеші ұйымдастырылды. Кездесуде ұстаз өзінің шығармашылығымен бөлісіп, оқушыларды поэзияға, ізденіске және кітап оқуға ынталандырды.

24 қазан – «Кітапханашылар күніне» орай кітапханамызда зейнеткер кітапханашы Ағабекова Рабиғаға арналған «Мамандығым – мақтанышым» атты әңгіме-сұхбат ретінде қоштасу кеші өткізілді.

27 қазан күні қазақтың ұлы ақыны, ағартушы-педагог, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай кітап көрмесі жасақталып, оқырмандарға таныстырылды.

Қараша айының 8–20 күндері аралығында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында он күндік іс-шаралар жоспары толықтай жүзеге асырылды. Бұл онкүндікте оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған түрлі танымдық және тәрбиелік шаралар өткізілді.

23 қараша күні «Кел, балалар, оқулық» тақырыбында әдістемелік дайджест ұйымдастырылып, оқушыларға жаңа әдіс-тәсілдер мен оқу құралдары таныстырылды. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Оралхан Бөкеевтің 80 жылдығына арналған әдеби кеш өтті. Кеш барысында оқушылар жазушы шығармаларынан үзінді оқып, оның әдеби мұрасы жайлы пікір алмасты.

27 қарашада «Салауатты өмір салты» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға таныстырылды. Көрме барысында

денсаулықты күту, спорт пен дұрыс тамақтанудың маңызы жайында кеңестер берілді.

15 желтоқсан күні Қазақстан Тәуелсіздігі мерекесіне орай «Тарихи тұлғалар және Тәуелсіздік – тірегіміз» тақырыбында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Көрмеде ел тәуелсіздігі жолында еңбегі сіңген тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі жайында мағлұмат беріліп, оқушыларға таныстырылды.

20 желтоқсан күні тіл маманы Ә. Гүлімханның ұйымдастыруымен «Оқуға құштар жанмын» жобасы аясында 32 кітапқа библиографиялық шолу жасалды. Шара барысында оқушылар жаңа әдебиеттермен танысып, кітапхананың бай қорынан қажетті мәліметтер алуға мүмкіндік алды.

5 қаңтар күні 2–3 сынып оқушылары үшін «Кітап және кітапхана» атты кітапханалық сабақ өткізілді. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жазушы Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары бойынша 8–9 сынып оқушылары буктрейлер дайындап, көпшілік назарына ұсынды.

16 қаңтар күні 4-сынып оқушыларымен «Мен оқыған бір кітап» атты сабақ ұйымдастырылып, оқушылар өз оқыған кітаптары жайлы пікірлерін ортаға салды.

22 қаңтарда 4–5 сынып оқушылары арасында «Оқимыз, сурет саламыз, мүсінін жасаймыз» атты байқау өтті. Байқау барысында балалар оқыған шығармаларынан алған әсерлерін сурет пен мүсін арқылы бейнелеп, қиялдарын шығармашылықпен ұштастырды.

2 ақпан күні 4-сынып оқушыларымен «Ғажап деректер» энциклопедияларымен жұмыс сабағы өтті.

15 ақпан күні 9-сынып оқушыларымен «Парасатты адам» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Шара барысында адамгершілік, ізгілік және парасаттылық қасиеттері жайлы пікірлер ортаға салынды.

16 ақпан күні «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры 15 дана жаңа көркем әдебиетпен толықты.

28 ақпан күні «Сүйікті кітабым» атты көрме ұйымдастырылып, оқушылар арасында челлендж өткізілді. Бұл іс-шара кітап оқуды насихаттап қана қоймай, оқушылардың өз сүйікті шығармаларын көпшілікке таныстыруына мүмкіндік берді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 8–9 сынып оқушылары арасында «Толық адам ілімі» тақырыбында кітапханашылар мен қазақ тілі пәні мұғалімі Аленова Г. бірлесіп іс-шара өткізді.

1 наурыз – «Алғыс айту» мерекесіне орай кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушыларға таныстырылды. Сондай-ақ, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне байланысты «Салт-дәстүрім – алтын қазынам» атты көрме жасакталды.

1–11 сыныптар аралығында «Үстаз – Ана – Бойжеткен» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, қоғамдағы әйел-ананың орны мен мәртебесі дәріптелді.

5-сынып оқушылары арасында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың казығы» атты танымдық іс-шара өтті. Бұл шарада оқушылар мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арқылы ұлттық сөз өнерінің құндылығымен танысты.

«Сүйікті кітабым» челленджі аясында қазақтың көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің классигі Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы оқылып, оқушылар арасында талдау және талқылау ұйымдастырылды.

2 сәуір – **Халықаралық балалар кітабы күніне** орай кітапханада арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде балаларға арналған классикалық және заманауи шығармалар, ертегілер, хикаяттар, танымдық әдебиеттер қойылып, оқырмандарға таныстырылды. Оқушылар мен ата-аналар көрмеге белсене қатысып, өздеріне ұнаған кітаптарымен танысты.

23 сәуір – **Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне** орай "Үздік оқырман" байқауы өткізілді. Байқауда оқушылар өздерінің сүйікті шығармаларын насихаттап, мәнерлеп оқу шеберлігін көрсетті.

**31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне** орай кітапханада арнайы көрме ұйымдастырылып, оқушыларға тарихи деректер, архив материалдары мен әдеби шығармалар таныстырылды.

**1 мамыр – Ынтымақ пен бірлік күніне** байланысты кітапханада түрлі ұлттар мен ұлыстардың мәдениеті мен әдебиетін насихаттайтын көрме өткізілді. Көрме барысында оқушыларға Қазақстан халқының татулығы мен бірлігінің маңызы түсіндірілді.

**«100 кітап» жобасы аясында** үш тілде жарық көрген әдеби кітаптарға шолу жасалып, оқушылар мен ұстаздар назарына ұсынылды.

**Жыл бойы оқырмандардың қызығушылығына сай түрлі тақырыптық көрмелер, әдеби кештер, кездесулер, дөңгелек үстелдер мен танымдық сағаттар сапалы ұйымдастырылды.**

Білім алушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. 2023-2024 оқу жылы аралығында кітапханаға 1076 дана оқулық келді жетпеген оқулықтары басқа мектептерден уақытынша жалға алынып, 2-сынып оқушылары түгел қамтылды.

Мектепте білім алушылардың жалпы саны 1128 оқушы болса, білім алушылар түгел қамтамасыз етілді. Бірінші кезекте мектептегі статуска не, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен қамтылды. Аталған топқа жататын оқушылардың барлығы 100% оқулықпен қамтамасыз етілген. Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы

**«Кітапханадағы оқулықтар жайлы мәлімет»**

17. Мектеп кітапханасы: 1  
 18. Кітаптар саны ( мектеп оқулықтары, көркем әдебиет кітаптар, журналдарды қосқанда) жалпы: 18370  
 19. Оның ішіндегі мектеп оқулықтар: 16749  
 20. Көркем әдебиет: 918  
 21. Жаңа буын оқулықтар: 16749  
 22. Қордың өсімі: 3886  
 23. Қазақ тіліндегі оқулықтар саны: 6838  
 24. Өзбек тілі оқулықтар саны: 9911  
 25. Оқырман саны: 800  
 26. Кітапханаға оқырман келуі: 7200  
 27. Кітапханашылар саны: 2  
 28. Кітапхананың білімі бар кітапханашының саны: 2  
 29. Оқу залы: кв.м  
 30. Оқу залы отыратын орны: 22  
 31. Кітапхана көлемі: 99,6 кв.м

№	Кітаптар атауы	Айдың басындағы қалдық		Кіріс		Шығыс		Жалпы	
		Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Соммасы	Саны	Сом
1	Жалпы кітап қоры	22256	35914961	1235	3639929	5121	2789285	18370	3676
2	Көркем әдебиет	3767	821739	95	313977	2888	86422	918	9656
3	Электронды оқулықтар	1023	1915640			621	958651	402	9569
5	Оқулықтар	17607	33484766	1265	1814959	2123	2647378	16749	3431
6	Дәптерлер								
	Барлығы:	22256	35914961	1235	3639929	5121	2789285	18370	3676